

PROTECT

МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ТЕРРОРИСТІК ШАБУЫЛДАРДАН ҚОРҒАУ КЕЗІНДЕГІ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

2025 жылғы басылым

Маңызды инфрақұрылым ЕҚЫҰ кеңістігі бойынша күнделікті өмірді қамтамасыз ететін ауызсу, энергия мен электр қуаты, көлік және банк қызметтері сияқты маңызды қызметтерді ұсынады. Қоғамдағы өзек рөліне байланысты маңызды инфрақұрылым нысандары тарихи тұрғыда да, қазіргі кезде де зорлық-зомбылық экстремистік және террористік ұйымдардың нысанасына айналып келеді. Мұны ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер мойындаған, олар 2012 жылғы ЕҚЫҰ-ның Терроризмге Қарсы Күреске Арналған Консолидацияланған Негіздемесінде ұйымды “Халықаралық көлік пен басқа да маңызды инфрақұрылым қауіпсіздігін жақсарту” бойынша ынтымақтастықты күшейту және әлеуетті арттыру шараларын жүргізуге шақырған.¹

Осы тұрақты әрі үнемі өзгеріп отыратын қауіп-қатерге жауап беру мақсатында ЕҚЫҰ-ның PROTECT жобасы *Маңызды инфрақұрылымды террористік шабуылдардан қорғау кезіндегі физикалық қауіпсіздікке қатысты техникалық нұсқаулықты әзірледі*. Бұл *Техникалық нұсқаулық* – ЕҚЫҰ кеңістігі мен одан тыс жерлердегі тәжірибе мен сараптаманың біртұтас жиынтығы болып табылады.

Бұл Техникалық нұсқаулық ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерге және маңызды инфрақұрылым нысандарының иелері мен операторларына терроризмнің өзгермелі қауіп-қатерлеріне тікелей қарсы тұруда және өздерінің инфрақұрылымдық нысандарында физикалық қауіпсіздікті арттыруда қолдау көрсетуді мақсат етеді. Ол тұрақты маңызды инфрақұрылым нысандары мен объектілерінің физикалық қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған тәжірибелер, қағидаттар мен ескеру факторлары бойынша құрылымдалған нұсқаулық ұсынады — бұл террорлық шабуылдардың алдын алуға, оларға жақсырақ дайындалуға және салдарын азайтуға мүмкіндік береді.



НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚАЙДАН ТАБУҒА БОЛАДЫ?

Нұсқаулықтың ағылшын және орыс тілдеріндегі нұсқасына қол жеткізу үшін www.osce.org/project/PROTECT сайтына өтіңіз немесе келесі QR кодты сканерлеңіз. Қағаз нұсқалары қызығушылық танытқан тараптарға сұраныс бойынша қолжетімді.

¹ ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесінің №1063 шешімі: ЕҚЫҰ-ның Терроризмге Қарсы Күреске Арналған Консолидацияланған Негіздемесі.

НҰСҚАУЛЫҚ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Қатаң түрде реттелетін маңызды инфрақұрылым салаларын қоспағанда, көптеген ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерде объекті деңгейінде іске асырылуы тиіс физикалық қауіпсіздік шараларына қатысты нақты нұсқаулықтар жоқ. Көбінесе, үкіметтер, маңызды инфрақұрылым иелері мен операторлары және осы нысандардағы қауіпсіздікке жауапты тұлғалар (оның ішінде жеке қауіпсіздік қызметтері) тиімді физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әртүрлі тәжірибе, қағидаттар мен міндетті емес нұсқаулық құжаттардың күрделі жиынтығын өз бетімен қарап, талдауға мәжбүр болады.


Бұл Нұсқаулық физикалық қауіпсіздікке бірыңғай тәсілді міндеттеуден гөрі, қазіргі уақытта қолданылып жүрген алуан түрлі әдістерді бейнелейтін ашық қолжетімді тәжірибелердің кең ауқымын ұсынады. Нұсқаулықта келтірілген тәжірибелердің басым бөлігі ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерден алынған, бұл ЕҚЫҰ құрамындағы білім мен тәжірибе қорының мол екенін көрсетеді.

БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Маңызды инфрақұрылым нысандарында тиімді физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету көптеген мүдделі тараптардың қолдауы мен міндеттемесін талап етеді:

- **Үкіметтің жоғары деңгейдегі шешім қабылдаушылары мен маңызды инфрақұрылымның аға иелері/операторлары:** Олар маңызды инфрақұрылым нысандары деңгейінде физикалық қауіпсіздік шараларын тікелей іске асырушы болмаса да, үкіметтік шешім қабылдаушылар тиімді физикалық қауіпсіздік қалыптасатын құқықтық және стратегиялық негізді қамтамасыз етеді. Ерекше пайдалы болуы мүмкін бөлімдер — 2-тарау (Маңызды инфрақұрылымды қорғаудың стратегиялық және құқықтық негіздері), 3-тарау (Адам құқықтарын сақтау мәселелері) және 4-тарау (Мемлекеттік-жекешелік әріптестік).
- **Физикалық қауіпсіздікке жауапты техникалық мамандар:** Нұсқаулықтың 1-ден 3-тарауларына дейінгі бөлімдер физикалық қауіпсіздік міндеттері үшін маңызды стратегиялық негіз ұсынады. 5-тен 10-тарауға дейінгі бөлімдер түрлі маңызды инфрақұрылым нысандарындағы физикалық қауіпсіздікті арттыратын нақты саясаттар, мысалдар мен тәжірибелерді егжей-тегжейлі сипаттайды.

НҰСҚАУЛЫҚТА НЕ БАР?



Тарау

- 1 Кіріспе
- 2 Маңызды инфрақұрылымды қорғаудың стратегиялық және құқықтық негіздері
- 3 Адам құқықтарын сақтау мәселелері
- 4 Мемлекеттік-жекеменшікшілік әріптестік
- 5 Террористік қауіптер мен тәуекелдерді бағалау
- 6 Физикалық қауіпсіздік шаралары
- 7 Қауіпсіздік жоспарлау және нысанды күшейту
- 8 Ішкі қауіптерді басқару
- 9 Оқыту және жаттығу
- 10 Қауіп деңгейінің жоғарылауына арналған қосымша шарала

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Егер сіз бұл *Техникалық Нұсқаулық* немесе PROTECT жобасы туралы көбірек білгіңіз келсе, ЕҚЫҰ Хатшылығының Трансұлттық Қауіп-қатерлер департаментінің Терроризмге қарсы бөлімшесіне мына мекенжай бойынша хат жіберіңіз: atu@osce.org.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУШЫЛАР

PROTECT жобасы Америка Құрама Штаттарының Терроризмге қарсы бюросы және Германия Федеративтік Республикасы тарапынан қаржыландырылады.